

**2021 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 4 жоспардан тыс педагогикалық кеңес
хаттама көшірмесі**

Қатысқандар: 36 педагог, 2 медицина қызметкері, есепші

Күн тәртібі:

1. "Павлодар қаласының № 34 сәбилер бақшасы" КМҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындысы

З.В.Пустовая
Н. Н.Пильщикова
А. К.Сейтханова
А. К.Жұмалина.
Н.Я.Кравцова

Тыңдалды:

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия мүшелері өз сөздерінде мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын жүргізу кезінде зерттеудің бағыттары мен объектілерін талдады:

1.Н. Н.Пильщикова –оқыту мен оқытуды тексеру қорытындылары, МТО МЖМББС және МТОҮОЖ, оқу жоспарлары, ЖЕА кестесі және перспективалық жоспарлар, тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларын игерудің бастапқы және қорытынды мониторингінің нәтижелері, пәндік-кеңістіктік дамытушы орта туралы;

2.А.К.Сейтханова - педагогтардың сапалық құрамын, білікті қызметкерлердің болуын талдау, тәрбиеленушілер мен педагог кадрлардың әртүрлі деңгейдегі зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысу жетістіктерін мониторингілеу, мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ЕҚТА бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, қолжетімді білім беру үшін жағдайлар жасау, ата-аналардың сауалнамасын талдау;

3.А.Қ.Жұмалина– тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын, сабаққа қатысуы мен сырқаттанушылығын талдау, мектепке дейінгі ұйымдарда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

4.Н.Я.Кравцова.-тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базаның жағдайы, негізгі құралдарды сатып алуды талдау.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші А. С. Ахметова өзін-өзі бағалау материалдарын бекітуді ұсынды. Комиссия мүшелері мектепке дейінгі ұйымның МБЖС және үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша қызметіне объективті талдау ұсынды.

Штаттық кестеге сәйкес балабақша педагогикалық кадрлармен 100% жинақталған. 13 тәрбиеші – 54% «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандықтары бойынша білімдері бар.

Сөз сөйледі:

Дене шынықтыру нұсқаушысы О.В.Кожуханова ұсынылған талдаудан атап өтті «Әлеумет» және «Шығармашылық», «Коммуникация», «Таным», «Денсаулық» білім салалары интеграция принциптерін есепке ала отыра,

үлгілік оқу бағдарламасы гендерлік үйлесім және психолог-педагогикалық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес топтағы пәндік-кеңістіктік дамытушы орта қауіпсіздік ережеге сәйкес құрылған. Комиссиясының қорытынды бағасына "zhaqsy" деп дауыс беруді ұсынды.

Сөз сөйледі:

Логопед Блинова А.А. және мектепалды даярлық топтардың ата-аналарының сауалнамасы және талдау материалдары тәрбиеленушілердің дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС дағдыларына сәйкес. Балабақшаның оқу-тәрбие процессінің ұйымдастырылуы МЖМБС сәйкес деп атап өтті.

Басшы З.В. Пустовая 2022 жылға 06.01. дейін білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау барысында анықталған ескертулерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын құруды ұсынды, жауапты-әдіскерлер.

Дауыс беру барысында бірауыздан **шешім** қабылданды:

- 1.«Әлеумет» және «Шығармашылық», «Коммуникация», «Таным», «Денсаулық» білім салалары интеграция принциптерін есепке ала отыра, үлгілік оқу бағдарламасы гендерлік үйлесім және психологиялық - педагогикалық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес топтағы пәндік-кеңістіктік дамытушы орта қауіпсіздік ережеге сәйкес құрылған. Балабақшада материалдық-техникалық базасы жеткілікті.
2. Тәрбиеленушілердің дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС дағдыларына сәйкес.
3. Штаттық кестеге сәйкес балабақша педагогикалық кадрлармен 100% жинақталған.
4. Балабақшаның оқу-тәрбие процессінің ұйымдастырылуы МЖМБС сәйкес
5. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдары бекітілсін.
6. "Павлодар қаласының №34 сәбилер бақшасы" КМҚК-ның өзін-өзі бағалауы "zhaqsy" болып бекітілсін.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті ММ –не "Павлодар қаласының № 34 сәбилер бақшасы" КМҚК мемлекеттік аттестаттаудан өткізу мәніне өзін-өзі бағалау материалдары ұсынылсын.
8. 2022 жылғы 01.01. дейін Мектепке дейінгі ұйымның web-сайтында өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды орналастырсын.

Жауаптылар: әдіскерлер

Бақылау: басшы

Төраға

Хатшы



З.В. Пустовая
А.Е. Нұрмағамбетова

З.В.Пустовая

А.Е.Нұрмағамбетова